

Багаева Н.У., Турысбекова А.Б.

**Жаһандану жағдайындағы  
Еуразиялық экономикалық  
одақ**

Қазіргі таңда әлемде интеграциялық ұйымдарға бірігу мемлекеттер арасында үрдіске айналып отырған сияқты. Біздің ел де даму сатысында осы жолды таңдағаны белгілі. Дамыған отыз мемлекеттің қай қайсысын алсақ та, барлығы бірнеше интеграциялық ұйымдарда мүшелікте. Мысалы, ЕО, НАФТА, АСЕАН, Меркосур т.б. озық интеграциялық құрылымдарды атауға болады.

Интеграцияның негізгі мақсаты – күшті экономикалық, әлеуметтік және мәдени байланыстар ғана емес, бірыңғай кеңістік құру болып табылады.

Берілген мақалада Еуразиялық экономикалық одақтың дамуы экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуге, құрамындағы елдердің әрқайсысының хал-ахуалын жақсартуға, ол елдерде тұрып жатқан және тарихында көптеген ортақтығы бар халықтар достастығын нығайтуға бағытталғандығы айтылған. ЕАЭО-қа қатысу адами даму деңгейін арттыруды ынталандырады. Мақала авторлары Еуразиялық экономикалық одақтың Қазақстанға берер пайдасын қарастырады.

**Түйін сөздер:** ЕАЭО, интеграция, төрт негізгі еркіндік, индустрияландыру картасы, бизнестің жол картасы.

Bagayeva N.U., Turysbekova A.B.

**The Eurasian Economic Union in  
the context of globalization**

Currently, the integration between the countries of the world is becoming a trend. And our country has chosen the path for the development of the state. Note that all the developed countries of the world are part of these integration associations such as the EU, NAFTA, ASEAN, MERCOSUR and others.

The key objective of the genuine integration is to create a single space, which should be sealed with strong, not only economic but also social and cultural ties.

This article refers Eurasian Economic Union, about the possibilities of solving economic and social problems, the improvement of the welfare of the participating countries in this union. Participation in the EEC also sets incentives to improve the level of human development. The authors consider the positive aspects of the Eurasian Economic Union to the Republic of Kazakhstan.

**Key words:** EEU, integration, four fundamental freedoms, Industrialization Map, Business Road Map.

Багаева Н.У., Турысбекова А.Б.

**Евразийский Экономический  
Союз в контексте глобализации**

В настоящее время в мире интеграция между странами становится тенденцией. И наша страна выбрала этот путь для развития государства. Отметим, что все развитые страны мира входят в состав таких интеграционных объединений, как ЕС, НАФТА, АСЕАН, МЕРКОСУР и др.

Ключевой целью подлинной интеграции является создание единого пространства, которое должно быть скреплено прочными не только экономическими, но и социокультурными связями.

В данной статье говорится о развитии Евразийского экономического союза, о возможностях решения экономических и социальных проблем, об улучшении благосостояния участвующих в этом Союзе стран. Участие в ЭЭС задает также стимулы для повышения уровня человеческого развития. Авторы статьи рассматривают положительные аспекты Евразийского экономического союза для Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** ЕАЭО, интеграция, четыре основные свободы, карта индустриализации, дорожная карта бизнеса.

**ЖАҒАҢДАҢУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯЛЫҚ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ОДАҚ****Кіріспе**

XX ғасырдағы әлемдік өркениеттің дамуының жетекші тенденцияларының бірі халықаралық байланыстардың күрделі және тармақталған жүйесінің қалыптасуы болып саналады. Өткен тәжірибеге көз жүгіртсек, әрбір мемлекет басқа мемлекеттерден жоғары тұруға, сыртқы дүниеден оқшаулануға ұмтылады, ал бұл жағдай экономиканың тоқырауына және сыртқы саясаттағы шиеленістерге әкеліп соқты. Қазіргі кездегі елдер халықаралық қатынастарға белсенді түрде қатысады, әр алуан үкіметаралық ұйымдарды құрады, оларға жекелеген мемлекеттердің ішкі және сыртқы құзыретіндегі көптеген мәселелерді шешу істері жүктеледі. Осыдан мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының жедел өсуі байқалады.

Қазіргі кезде мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының маңызды аспектісі – бұл халықаралық экономикалық байланыстар орнату. Осыған байланысты әлемдік шаруашылық өмірдің интернационализациялануы, жаһандануы және халықаралық экономикалық интеграция бүкіл әлемдік шаруашылықтың дамуының жетекші тенденциясы болып табылады.

Интеграция деп – әртүрлі формадағы тәуелсіз мемлекеттердің бірігуі.

Қазіргі заманғы әлемдік шаруашылықта әртүрлі елдердің экономикаларының өзара тәуелділігі артып, макро, мезо және микродеңгейдегі интеграциялық үдерістер қарқынды дамып келеді, елдердің өзімен-өзі оқшауланған ұлттық шаруашылықтары сыртқы әлемге бет бұрған ашық түрдегі экономикаға қарай бейімделуде. Осының барлығы әсіресе қазіргі кездегі біртұтас әлемдік шаруашылықтың экономикалық дамуының заңдылықтарымен және ерекшеліктерімен байланысты болып отыр.

Экономиканың интеграцияға беталысы қазіргі кездегі халықаралық өмірге тән құбылыстардың біріне айналып келеді. Әлемдік шаруашылық байланыстарының жаһандануы жағдайында экономикалық интеграцияның мазмұндылығы одан сайын түрлене түсуде. Интеграцияның терең негіздерін және алуан түрлі қасиеттерін айқындау үшін осы терминнің семантикасына көңіл аудару керек. Интеграция латынның «Integratio» сөзінен туындайды, оның аудармасы бөлшектелген бөліктердің бірігуі деген мағына береді.

## Негізгі бөлім

Бүгінгі таңда халықаралық «өмір сүру ортасына» ұқсас орта құру кез-келген мемлекет үшін басты міндет, ол Қазақстан үшін де ерекше маңызды.

Осыған сай, Еуразиялық экономикалық одақ құру ұсынысы Елбасымыздың тарапынан Мәскеуде жасалғаны белгілі. Нәтижесінде, 2000 жылы қазанда 5 мемлекет басшылары бірігіп, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Халықаралық ұйымын құрды. Соның шеңберінде 2010 жылдан Кедендік одақ жұмыс істеп, 2012 жылдан біртұтас экономикалық кеңістік қалыптасты. Мұның барлығы Еуразиялық экономикалық одаққа алып келген жол болды. Бүгінде, Еуразиялық одақ 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз жұмысын бастаған. Мұндай одақтың пайда болуы – Қазақстан, Ресей, Беларусь үшін тиімді және жемісті ынтымақтастыққа өзара пайдалы қажетті шарттар туғызады, соның нәтижесінде бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптасады.

Қазіргі таңда экономикалық интеграциялық үрдістер жүрмейінше, халықтың әл-ауқатын көтеру мүмкін емес. Интеграция – әлемде бар тәжірибе. Оның үстіне өңірлену үдерісі төрткүл дүниеге тән және ол жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстарға, өзге де қауіп-қатерлерге бірлесіп қарсы тұрудың нақты жолы деуге болады. Айталық, АҚШ, Канада және Мексика елдері бірігіп, НАФТА Солтүстік америкалық еркін сауда ұйымын құрған болатын. Сол кезде мексикалықтардың біраз бөлігі аталған ұйымға қарсы болған. Өйткені, бұл мемлекет әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан екі көршісі, яғни Америка Құрама Штаттары мен Канададан әлсіз еді. Содан Мексикадағы оппозиция осыны сылтауратып үкіметке қарсы елдегі саяси күштерді қарсы қойған. Салдарынан мемлекет кері кетті. Бұл жағдай елдің экономикасына соққы болып тигенімен, міне 20 жылдан бері Мексика аталған ұйымнан шыққан жоқ. Бұл турасында ойламайды. Нәтижесінде, сол кезде артта қалған Мексиканың экономикасы өсіп, өркендеді. Осы сияқты 1960 жылдан бері Исландия, Норвегия, Швейцария және Лихтенштейн елдері арасында еркін сауда кеңістігі жемісті жұмыс жасап келеді. Бұл ұйымның Батыс Еуропадағы интеграциялық үдерістерді жеделдете түсуге үлкен септігі тиді. Мұның барлығы интеграциялық үдерістің пайдасын айқындайды.

Еуразиялық экономикалық одақты құруға қарсы шығушылардың айтуы бойынша – одақ

тым тез құрылып, жұмысын бастап кеткендігі. Кез-келген интеграцияның жүзеге асырылуы белгілі уақытты қажет ететіні рас. Мысалы үшін – Еуропа одағы. Бұл жөнінде алғашқы шарт 1952 жылы 25 шілдеде Парижде жасалынған. Одан кейінгі шартқа 1958 жылы Римде қол қойылды. Бірақ аталған одақтың түпкілікті құрылуына жол ашқан – 1993 жылы бекітілген Маастрихт шарты. Яғни, осы екі аралықтың өзіне 40 жылдан астам уақыт кеткен. Одан бергі 20 жылдан астам мерзімде одақ өз жұмысын жетілдірумен және оның аясын кеңейтумен келеді. Әрине, Еуропа одағын құру барысында кедергілер кездеспеді деп айталмаймыз. Алайда, ол уақыттағы тарихи жағдайлар, тәуекелдер мен сын-қатерлер өзгеше болатын.

Ал бүгінде Еуразиялық экономикалық одақты құру барысы мүлдем басқаша. Көптеген нақты мәселелер мейілінше қысқа мерзімде шешуге тура келді. Қазіргі таңда ешкімде артық «уақыт байлығы» жоқ. Бұл – бүгінде жаһанданған әлем бетпе-бет келіп отырған сын-қатерлердің бірі. Сондықтан өткен ғасырда онжылдықтарда еңсерілетін істер, қазір 2-3 жылдың көлемінде жүзеге асырылуы қажет.

Еуразиялық экономикалық одаққа қарсы тараптың айтып жүрген тағы бір уәждері осы ұйымға мүше болу арқылы еліміз тәуелсіздігінен айырылып қалуы мүмкін деген қауіп. Бұған ең лайықты жауапты Елбасының Мәскеу мемлекеттік университетінде дәріс оқыған кездерде айтылған мына сөздерімен жауап беруге болады.

«Бүгін Еуразиялық экономикалық одақ туралы айтқанда, сарапшылар мен саясаткерлердің бәз біреулері әлемдік қоғамдық пікірді Кеңес Одағының мифтік «реинкарнациясымен» қорқытады. Мұндай пікірді шындықтан алыс жатыр және негізсіз деп есептеймін. Біріншіден, бүгін кеңестік үлгі бойынша реинтеграция үшін, тіпті, институттық база да жоқ. Барлығы түп-тұқиянымен тарих қойнауына кеткен. Екіншіден, посткеңестік кеңестік халықтары өздерінің жеке мемлекеттілігін құрды. Үшіншіден, меншіктің қазіргі жүйесі, біздің қоғамдарымыздың әлеуметтік құрылымы мен экономикалық қалпы кеңестік архаикадан тым алысқа ұзап кетті», – деді Президент [1].

ЕАЭО-ны басқару органдары «бір ел-бір дауыс» қағидасымен жұмыс істейді. Жоғары Кеңес пен ЕАЭО Кеңесі деңгейіндегі барлық негізгі шешімдер қандай да бір мемлекеттің басымдығына жол бермейтін, тараптардың абсолютті бәтуаластығы арқасында, яғни бірауыздылық жағдайында ғана қабылданады. Егер бір мемлекет

келіспесе, шешім қабылданбайды. Еуразиялық экономикалық комиссияның (ЕЭК) Кеңесі мен Алқасы секілді органдарына әр қатысушы елден тең құрамда өкілдер тағайындалады. Ал ЕАЭО сотына әр мемлекеттен екі судьядан тағайындалады. Комиссия мен Соттың қалған қызметкерлері әр елдің аталған органдарды қаржыландыруға қатысу үлесінің пропорционалдығына орай алынады және тағайындалады. Комиссияның шешімі Жоғарғы және үкіметаралық кеңестер деңгейінде тоқтатылуы немесе қайта қаралуы мүмкін. Ең соңғы амал ретінде кез келген мәселені ЕАЭО сотының қарауына шығарады.

ЕАЭО шеңберіндегі барлық міндеттемлік сипаты бар келісімдер мен шешімдер қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік тілдеріне тәржімаланады және одақтың сайтына орналастырылады. Бұл жерде бір мәселені айта кеткен жөн. ЕАЭО құруға байланысты келіссөздерді жүргізу барысында ұлттық палатаның және Қазақстан кәсіпкерлерінің салалық қауымдастықтарының көзқарастары мен ұсыныстары ескеріледі. Бұл еліміздің мүддесін дәлелді түрде қорғауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар өзара сауда-саттықта кездесетін ерекшеліктерді біртіндеп жою мен бәсекелестіктің бірыңғай принциптері мен ережелері жөнінде келісімдерге қол қойылған. Еуразиялық экономикалық одаққа ену біздің экономикамыздың барлық мәселелерін бірден шешпейді. Бұл ықпалдастық ең алдымен тауарлардың көлемін ұлғайту мен қызметтердің сапасын арттыруға жағдай жасайды. Еуразиялық одақта лайықты орын алу үшін отандық бизнес шығаратын өнімнің түрлерін арттырып, сапасын жақсарту керек. Ал бұл жағдайда негізгі пайданы қарапайым тұтынушылар көреді.

Еуразиялық экономикалық одақ интеграция үдерісін дамытады. Интеграциялық үдерістердің дамуы – тауарлар мен өндіріс факторларының халықаралық қозғалысының өсуінің заңды нәтижесі.

Төрт негізгі «еркіндік», атап айтқанда тауарлардың, капиталдардың, қызмет көрсетудің және және еңбек ресурстарының еркін қозғалысы еліміздің одақтағы серіктестерімен бірлесе отырып халықаралық экономикалық қатынастарда тізе қосып әрекет етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазақстандықтардың өмір сүру сапасы мен тұтыну қабілеті едәуір жақсарады. Ортақ тұтыну нарығын құру еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттырады. Сонымен қатар Қазақстан үшінші бір елдермен келіссөздер жүргізу барысында мықты ұстанымдарға, ал экономика-

лық қарым-қатынаста бәсекелестіктің бірқатар артықшылықтарына ие болады.

Осы нәтиженің жүзеге асуы барысында елдер арасында шаруашылық-тұрмыстық байланыстардың құрылуы және халықаралық сауда мен өндіріс факторларының қозғалысы жолындағы көптеген кедергілерді жою жүйесі қалыптасады [2].

Еуразиялық ықпалдасуды дамытуға тағы бір маңызды себеп қазақстандық экономиканың шикізатқа тәуелділігін азайту болып табылады. Сондай-ақ, Ресей және Беларусьпен бірыңғай нарықты құру Қазақстанға Қытай мен Еуропа одағының қуатты экономикаларының арасында тиімді дәнекер болуға мүмкіндік туғызады.

Көптеген сарапшылардың пікіріне қарасақ, бұл экономикалық бірлестік, одаққа мүше елдерді мүлдем жаңа деңгейге жеткізетін интеграция болмақ. Өйткені ол – экономикалық дамудың қуатты, тартымды орталығы. Одақ елдерінде дамыған өнеркәсіп, индустриялық база, қуатты кадрлық, интеллектуалдық, мәдени әлеует бар. Географиялық жағдайы тек өңірлік қана емес, жаһандық та маңызы бар көлік-логистикалық бағдарлар қалыптастыруға, Еуропа мен Азияның ауқымды сауда жолдарын бағындыруға мүмкіндік береді. Осының барлығы бірлестіктің бәсекеге қабілеттілігін, оның жедел өзгеріп жатқан әрі күрделі әлемдегі қарқынды дамуының кепілі болып табылады. Бүгінде ЕАЭО-ға өтуге бірінші кезекте Кавказ Республикалары, Түкіменстан, Моңғолия, Өзбекстан мүдделі. Тіпті, Үндістан мен Пәкістан да Еуразиялық экономикалық одаққа оң көзбен қарайтыны белгілі. Бір қарағанда, одақтың келешекте маңызы зор, мүмкіндігі шектеусіз. Бурабайда өткен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің үкімет басшылары жиынында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ықпалдастыққа балама жоқ деп санаймын, сондықтан біз тиісті үдерістерге бастамашылық етіп отырмыз. Еуразиялық экономикалық одақ жұмыс істеп тұр. Бүгінгі қиындықтарға қарамастан, мен оның болашағы зор деп сенемін» деп мәлімдеді. Түрлі елдермен сауда экономикалық байланыстарды жоспарлы түрде дамыту, олармен қызметтесу туралы келісімге отыру ортақ нарықтың кеңеюіне мүмкіндік берері сөзсіз. Әзірге Еуразиялық экономикалық одақтың құрамына Армения мен Қырғызстан өткені белгілі. Белгілі саясаттанушы Сайын Борбасов мүшелікке өткен жаңа мемлекеттер жөнінде былай дейді: «Кім не десе де, ЕАЭО-ның керегесі кеңейіп, дамығаны бізге тиімді. Ал «әлжуаз» деп танылған Қырғызстан мен Арменияға



келсек, «мүше болам дегендерді өзектен тебуге болмайды». Қырғызстанның одаққа қосылуына Елбасымыз үлкен еңбек сіңірді. Қырғыз – бізге бауырлас, көрші ел. Әрине құрылғанына бір жыл енді ғана толған экономикалық одаққа баға беру, жұмысын таразыға тарту ерте. Көш жүре келе түзелмек. Дегенмен, осы орайда «одақ ауыз толтырып айтатындай не істеді, қандай игі тірліктердің бастамашысы бола алды?» деген сауал туындайтыны анық [3].

Бүгінгі таңда индустрияландыру картасы аясында 705,2 миллиард теңгені құрайтын 170 жоба іске асырылуда. Бұған қосымша тағы 52 жобаны қолға алу жоспарлануда. Бұл жобалардың жалпы құны 416 миллиард теңгеге бағаланды. Осының барлығы да нарықтың кеңейіп, сұраныстың артуының арқасында мүмкін болып отыр. Сондай-ақ шетел инвесторларының қатысуымен 29 инновациялық жоба жүзеге асырылуда. Олардың құны 1,9 миллиард АҚШ долларына тең [4].

Елбасының тапсырмасымен Үкімет отандық бизнесті қолдаудың көптеген шараларын қабылдады. Атап айтқанда, «Бизнестің жол картасы –2020» бағдарламасы, кәсіпкерлерді тексеруге тыйым салған мораторий, Ұлттық қордан 1 триллион теңге бөлу, инвестициялық климатты жақсарту мақсатында әкімшілік кедергілерді жоюға байланысты атқарылып жатқан іс-шаралар. Сонымен қатар, бизнеске берілетін несиелердің пайызын төмендету, мемлекет есебінен жаңа жобаларға инфрақұрылым жүргізіп беру. Ал өңдеу өндірісі саласында шетелдік үлесі бар жаңа кәсіпорындар 10 жылға корпоративтік табыс салығынан босатылады.

Қазақстандықтар алдымен көптеген тауарлар мен қызмет түрлеріне қол жеткізеді. Сонымен қоса, нарықта импорт және жергілікті өнімдер бағасының төмендеуінен ашық бәсекеге түсуге мүмкіндік туады. Ең бастысы, тұтынушы үшін өндірілетін тауарлардың дүниежүзілік стандарттарға жауап бере алатындай жоғары сапада болуына деген талап күшейеді. Осыған орай азық-түлік тауарларын өндірудің бірегей техникалық регламентіне көшу жоспарланып отыр. Нәтижесінде тауар өндірушілер өз өнімдерінің сапасын көтеруге міндетті болады. Екіншіден, бүгінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың кеңейтілуі және біріккен жаңа жұмыс орындары ашылады. Үшіншіден, импорттық тауарлар әкелуінің жеңілдетілуі жаңа техникалар мен технологиялардың көптеп келуіне ықпал етеді. Осының бәрі жұмыссыздықты азайтып, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне серпін береді. Сонымен қоса ішкі көші-қонға қатысты процедуралар жеңіл-

детіледі. Айталық, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтардың аталған елдерде жұмысқа қабылдау кезінде кәсіби және әлеуметтік құқықтары тең әрі міндеттері ортақ болады.

ЕАЭО – бұл сыртқы сауданы тиімді жүргізу үшін ішкі бәсекеге қабілеттілікті нығайтуға бағытталған ашық жоба.

Еуразиялық экономикалық одақ ұлттық ерекшелігімізге кері әсерін тигізбейді. ЕАЭО мәдени-гуманитарлық дамуға еш қатысы жоқ таза экономикалық бірлестік және қатысушы елдердің ұлттық ерекшелігіне әсер етпейді. Мысалы, ЕАЭО шартында БАҚ нарығын реттеу мен ақпараттық қызмет көрсету қарастырылмаған. Сондай-ақ, ЕАЭО шарты жобасының 26-бабы бойынша осы құжаттың және одақтың өзге барлық халықаралық шарттарын тараптардың мемлекеттік тілдерінде әзірлеу қарастырылған. Бұдан бөлек, одақ органдары қабылдайтын барлық міндетті сипаттағы шешімдер қатысушы елдердің мемлекеттік тілдеріне тәржімаланады. Әрі одақ бюджетінде осы мақсатқа тиісті қаражат қарастырылмақ. Кәрі құрлықтың ықпалдастық тәжірибесі көрсенткендей, Еуропа Одағы шеңберінде терең қарым-қатынас орнатқан қатысушы елдер өздерінің бірегейлігін жоғалтқан жоқ. Қайта Еуропадағы ықпалдастық үдерістері тереңдеген сайын оған мүше елдердің ұлттық бірегейліктері керісінше тек арта түсті. Ал біздің елімізге келетін болсақ, Қазақстан түркі әлемінің басқа да елдері кіретін түрлі халықаралық бірлестіктердің белсенді мүшесі болып қала береді. Бұл бірінші кезекте ШЫҰ, АӨСШК, Түрік-сой және басқа.

### Қорытынды

ЕАЭО – ашық халықаралық бірлестік және Орталық Азия елдері оның ең ықтимал қатысушылары десекте болады. Еуразия ықпалдастығы Ұлы Жібек жолын қайта жандандыру кезеңі тұрғысынан алсақ, осы кеңістіктегі барлық елдерінің экономикалық тығыз қарым-қатынастары үшін жаңа белестер ашпақ.

XXI ғасыр – интеграция ғасыры. Ұлттық мүдде тұрғысынан мұқият ойластырылған интеграцияға қарсы болу – заманауи үрдіспен дамуға қарсы болу. Ең дамыған елдердің барлығы бүгінгі биіктерге интеграция арқылы жетті. Бүкіл адамзат жаһандану жолымен дамып жатыр. Етек-жеңді қымтап, есік-терезені тарс жауып отыру дамуды тежейді, әлем көшінің соңында қалдырады. Біз дамыған мемлекеттердің шаңын

жұтуға емес, көшін бастауға ұмтылған елміз. Байбаламға салып, балақтан тартпай, байыппен ойлап, байсалды әрекет етсек жарасады. Интеграция ел тәуелсіздігіне ешбір қауіп төндірмейді, керісінше, нығайта түседі. Ол нарықты кеңейтеді, алыс-беріс пен барыс-келісті арттырады, бәсекелестік қабілетімізді шыңдайды.

Қазақстан қазіргі нарық заманында 17 млн халықпен жетістікке жетуі қиын дүние. Сол себепті табысқа жету үшін бізге үлкен аудито-

рия қажет. Еуразиялық экономикалық одақ бұл мақсатқа жету жолын қысқартады. Шын мәнінде біз Еуразиялық экономикалық одақпен шектелмесіміз анық. Бұл біздің тәжірибе жинақтап, нарық заманында тайталасатын дәрежеге жету үшін көп құнды білім алатын платформамыз [5]. Біздің басты мақсатымыз – біздің Одақтың өміршең екендігін көршілерімізге іс жүзінде дәлелдеу. Сонда біз үш мемлекет қана емес, одан әлдеқайда көп боламыз.

#### Әдебиеттер

- 1 Еуразиялық экономикалық одақ /Егемен Қазақстан. – 2014. – 19 желтоқсан. (№247). – 1б.
- 2 Еуразиялық экономикалық одақ – дамудың жаңа кезеңі //Оңтүстік Қазақстан. – 2014. – 28 мамыр (№77). – 1,2б.
- 3 Еуразиялық экономикалық одақтың болашағы айқын/ С. Әмірбекұлы // Айқын. – 2015. – 15 қазан (№192). – 5б.
- 4 Интеграция – ел игілігі /Егемен Қазақстан. – 2014. – 19 желтоқсан. (№247). – 1б.
- 5 Еуразиялық экономикалық одақ: үміт пен күдік // дайын. Т.Талғатқызы // Ұлт мұраты. – 2015. – 17 қаңтар (№1). – 2 б.

#### References

- 1 The Eurasian Economic Union / the truth. – 2014. – 19 December. (№247). 1p.
- 2 // a new stage in the development of the Eurasian Economic Union in the South. – May 2014. – 28 (No. 77.). – 1,2p.
- 3 The future of the Eurasian Economic Union, a clear / S. Amirbekovich // clear. – 2015. – 15 October (№192). – 5p.
- 4 The integration of the good of the country / the truth. – 2014. – 19 December. (№247). 1p.
- 5 Eurasian Economic Union: of hope and suspicion // ready. T.Talğatqızı // the ideals of the nation. – January 2015. – 17 (1). – 2 p.